адрес: ЮКО,Ордабасинский район,с.Темирлан,
ул.Кажымухана №47.
эл.почша:send_quickly@mail.ru
тел:8-700-640-70-70

исх№009
дата:28.03.2018г.

Оңтүстік Қазақстан облысы
прокуроры Н.Әбдіровке

Қазақстан Республикасы
қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаметінің басшысы
Б.Көшербайға

"Карат-Z"ЖШС-гі нен
БИН:020940003169

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті Батырбек Көшербай, біз,"Карат-Z"ЖШС-гі **"САЙРАМ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ" ММ-сі** ұйымдастырушы болып табылатын төмендегі ашық конкурс тәсілімен өтетін мемлекеттік сатып алуларға наразылығымызды білдіреміз.

- **2291131-1**,Құтарыс а/о, Құтарыс е/м аумағындағы автожолдармен қиылысатын алқаптары бойынша Арыс өзенін нығайту
- **2291552-1**,Кутырыс ауылындағы Кутарыстың аумағында Арыс өзеніндегі бөгетті жөндеу
- **2275187-1**,Манкент а/о, Манкент е/м аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу үшін Сай каналының арнасын күшейту

Нақтылай айтқанда, баршаға белгілі 01.01.2018 жылы күшіне енген Мемлекеттік сатып алулардың орындалу тәртібі өзгергені белгілі.Осыған орай Мемлекеттік

сатып алулар аясында ұйымдастырушы тарапынан артық талаптарға шектеу қойылған болатын.Яғни сатып алу түрі жұмыс болған жағдайда,материалдық және еңбек ресурстарын сұрау бойынша жеңілдетілген болатын.Бірақ **"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі"ММ-сі** әлеуетті өнім берушілерге артық талап кою мақсатында төмендегіше заң бұзушылықтарға бару үстінде деген пікірдеміз.

Себебі,жоғары да көрсетілген сатып алулардың түрін еңбек және материалдық ресурстар сұрай алу мақсатында **жұмыс(работа)** түріне жататын сатып алуларды **бөгеттерді жөндеу,арналарды нығайту**-секілді жұмыстарды **қызмет(услуга)** -түрінде жариялап, *(конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасында материалдық ресурстар сұрауға болатындықтан)*өтінімдерді қарау барысында аталған жұмыстарды орындауға рұқсаттамасы бар ,яғни лицензиясы бар біздің мекемемен қатар бірнеше әлеуетті өнім берушілерді өздерінің заңсыз сұраған машина механиздерінің жоқтығын алға тартып біліктілік талаптарына сай емес деп өтінімдерімізді толықтыруға қайтарып жіберді.

Аталған сатып алу түрін **жұмыс** түрінде өтуі керек екендігіне бірден бір дәлел ретінде - **Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңын** сипатқа алсақ болады.Аталған **заңның 1-бабында** жұмыс және қызмет ұғымдарына сипаттама беріліп өткен.

Жұмыс – тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, нәтижелері **материалдық сипатқа** ие қызмет.*(1-баптың 3-тармағы)*

Көрсетілетін қызмет – тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, нәтижелері **материалдық сипатта болмайтын** қызмет. *(1-баптың 6-тармағы)*

Аталған сатып алудың нысыны ретінде Сметалық құжаттама бойынша жұмыс түрлері ұсынылған.Веб-порталға орналастырылған сметалық құжаттамаға үңіле қарасақ аталған жұмыстарды орындау үшін бетон,металл секілді материалдық ресурстарын сатып алу арқылы дайындау жүктелген.Бұл аталған сатып алудың материалдық сипатқа ие екендігін және жұмыс түріне жататындығын білдіреді.Барлық Мемлекеттік сатып алу аясында жүрген мамандарға белгілі аталған сатып алуға ұқсас,пара-пар стаып алулар барлық басқа мекемелерде жұмыс ретінде өтіп жатқандығы белгілі.

Қорытындылай келе, аталған сатып алудың хабарландыруы"жарияланды" мәртебесінен өтіп кетуіне байланысты,бірнеше кәсіпкердің өтінім құжаттарын сәйкестердіру үшін материалдық шығынға ұшырауына байланысты,аталған

сатып алудың жариялану бөлігіне камералдық бақылау уақыты өткендігіне байланысты Қазақстан Республикасының **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 8-тармағына сай,**ұйымдастырушыға әкімшілік жаза қолдануыңызды ,Камералдық бақылау жүргізіп, конкурсты бұзып, сатып алу түрін **жұмыс** ретінде қайта жариялауға ықпал етуіңізді сұранамын

Директор

ТОО"Карат-Z" Ж.Д.Нупбаева